БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ БУРЛИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«17» сәуір 2025 ж. № 118

Ақсай қ.

Жергілікті атқарушы органының шұғыл шығындарға арналған резервінен қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексін және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Бөрлі аудандық төтенше жағдайлардың алдын-алу комиссиясының 2025 жылғы 14 ақпандағы № 3 хаттамасы мен Кеңтүбек ауылдық округі әкімі аппаратының 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 1.1-48/35 хаты негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кеңтүбек ауылында көктемгі тасқын судың алдын алу мақсатында, шығарылған қар жұмыстары үшін төлемақы жергілікті атқарушы органының резервінен 15 (он бес) миллион теңге сомасындағы қаражат «Бөрлі ауданының әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне бөлінсін.

2. «Бөрлі ауданының әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауға алсын.

3. «Кеңтүбек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 2025 жылдың 1 желтоқсанына дейін бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуы жөніндегі есепті ұсынсын.

4. «Бөрлі ауданының әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі «Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне 2025 жылдың 15 желтоқсанына дейін бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуы жөніндегі есепті ұсынсын.

5. «Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Шамғонова) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Имашевқа жүктелсін.

Аудан әкімі **Е.Ихсанов**